

2020-2021 оқу жылында шағын орталық тобына 34 тәрбиеленуші қабылданды.

Бағалардың жас ерекшелігіне сай 3-4 жас орта топ және 4-5 жас ересек топ болып екі топ құрылды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға Санитарлық талаптарды сақтай отырып, оқу тәрбиелеу қызметін ұйымдастырылды үй жағдайында оқытылды. Орта топ және ересек топтарға ата-аналармен әлеуметтік желілер үнемі байланыста болып, 15 минуттан аспайтын ойын түріндегі оқу қызметтер өткізілді

Тәрбиешілері: Қапанова Қ және Темірболатова Г. Мектеп жанындағы шағын орталықтарда 2020-2021 оқу жылында мектепке дейінгі 3 және 5 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған Әдістемелік нұсқау хатқа сүйеніп, өтегілі тақырыптарды басшылыққа алып, оқу тәрбие жұмысының жоспарымен жұмыстар жүргізілді.

### Топ 5 саға бойынша жұмыс жасайды.

1. Денсаулық

2. Қатынас

3. Таным

4. Шығармашылық.

5. Әлеумет

**Жыл басында балалардың денсаулық білім беру сағасы бойынша** , жүру (жай, тез, тізбектеп, жұбымен жүру, еңбектеу, өрмелеу, секіру, лақтыру, тепе-теңдік сақтау бойынша күзгіреттік көрсеткіштері төмен болатын. Қазіргі таңда балалар өте жақсы денгейге көтерілді. Атап айтсақ допты лақтырып қатып алуды, нысананы көздеп лақтыруды, кедергілер арасынан жүруді, жақсы мөңгерді.

**Қатынас білім беру сағасы бойынша.** Балалардың күзгіреттік көрсеткіші жыл басында сөйлеу, байланыстырып сөйлеу, сөйлем құрап, әңгіме құрап айта алмайтын. Қазіргі таңдағы балалардың Ертегіні түсініп тыңдай отырып, әңгімені мұхият тыңдап түсінеді, білген ертегісін еркін айта алады.

### Таным білім беру сағасы бойынша күзгіреттік көрсеткіштері.

3-4 жастағы орта топ тәрбиеленушілер геометриялық пішіндерді танып Соның ішінде дөңгелек, үшбұрыш, сопақша, төртбұрыш, пішіндерді ажырата алады. 4-5 жас ересек топ тәрбиеленушілер 1-5 ке дейінгі сандарды таниды. Сандар мен цифрларды сәкестендіре алады. Айналыны бағдарлай алады, соын ішінде жоғары, төмен, биік, аласа, он, сол, алды, арты, асты, үсті, ажырата білді. Көлемін бағдарлауда кен, тар, үлкен, кіші аумағын ажырата алады.